

Жазғы демалыс кезіндегі балалардың өмір қауіпсіздігі жайлы қолхат.

Құрметті ата-аналар!

Сізден балаңыздың жазғы демалыс кезінде қауіпсіздік ережелерін сақталуын және келесі нұсқаулықтарды орындауыңызды сұранамыз және ескертеміз.

“Білім Заңы” 27.07.2007ж. 1.49 бап.

Ата-аналардың және өзге де жанды өкілдердің құқықтары мен міндеттері:

- 1) Балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) Демалыс кезінде су қауіпсіздігін сақтауын қадағалау; жасы кішкене балаларды өздігінен өзенге жібермеу; өзенге шомылғанда терең жерге бармау туралы ескерту;
- 3) Сіріңке, жарылғыш, тез жанғыш заттары, пышақ, тағы да басқа денсаулыққа зиян әкелетін заттарды қолдануға болмайтынын ескертіп отыру;
- 4) Демалыс мезгілінде кешкі 22.00-ден кейін көшеде жүрмеуге; жолда, көшеде келе жатқанда бейтаныс адамдармен қарым-қатынасқа түспеуге, болмайтынын ескертіп отыру;
- 5) Ойын сауықтыру мекемелеріне (кафе, ресторан т.б) мектеп оқушыларының өздігінен баруға болмайтыны туралы тыйым салынатынын ескертіп отыру.
- 6) Жол қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау, үлкен жолда арнайы, жаяу жүргіншілерге арналған жолмен жүру қажеттігін үнемі ескертіп отыру;
- 7) Теріс діни ағымдар ықпалына түспеу жолдарының бірі белгісіз сайттарға кірмеу; тегін ұсынған газет, журналдар, кітаптарды алмау керектігін;
- 8) Компьютерді пайдаланғанда, теріс ықпалы байқалған сайттар мен ойындарға кіруіне тыйым салыңыз;
- 9) Жасөспірімдерді спирттік ішімдік, темекі сатып алуға жұмсамаңыз;
- 10) Басқа қала, ауылға барған кезде бала өмірі қауіпсіздігіне мұқият болу.
Бүгінгі күнде қоғамда адам өміріне қауіп төндіретін, зорлық-зомбылық жағдайлардың ішінде, баланы ұрлау, жәбірлеу жолдары, өзіне қол жұмсау жағдайлары кездеседі. Осы жағдайларды болдырмау үшін қоғам, соның ішінде ата-ана баланың уақытын тиімді ұйымдастыруы қажет. Баланы аялау, жылы сөйлеу, назар аудару, баланың ақылды, ұстамды, мейірімді азамат болып өсуіне көп ықпал етеді.